

## Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2026 жылғы 27 ақпандағы № 284 шешімі

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36186 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Ұлан ауданының мәслихаты ШЕШІМҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеде айқындалсын.

2. Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі айқындалсын:

- Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер ;
- басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;
- жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;
- кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;
- қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күмісалқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қазатапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

Толық емес отбасылар;

Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқуысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесірәйелдер (тұл ер адамдар) жатады.

3. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ұлан аудандық мәслихатымен қабылданған шешімдерінің күштері жойылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасы*

*Г. Калиева*

Ұлан аудандық мәслихаттың  
2026 жылғы 27 ақпандағы  
№ 284 шешіміне  
қосымша

### **Күштері жойылатын Ұлан аудандық мәслихатымен Қабылданған шешімдердің тізімі:**

1. Ұлан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 365 "Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7037 нөмірімен тіркелген, ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 06.05.2020 жылы жарияланды) шешімі;

2. Ұлан аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 маусымдағы № 163 "Ұлан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 365 "Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 28722 нөмірімен тіркелген, ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 07.07.2022 жылы жарияланды) шешімі;

3. Ұлан аудандық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 187 "Ұлан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 365 "Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы"

шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуТізілімінде30218 нөмірімен тіркелген, ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде28.10.2022жылы жарияланды) шешімі;

4. Ұлан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 76 "Ұлан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 365 "Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8898-16 нөмірімен тіркелген, ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде11.10.2023жылы жарияланды) шешімі;

5. Ұлан аудандық мәслихатының2025 жылғы 18 наурыздағы № 216 "Ұлан аудандық мәслихатының "Ұлан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 365 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуТізілімінде 9155-16 нөмірімен тіркелген, ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 20.03.2025жылы жарияланды) шешімі.